«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

030010, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр-хан даңғылы, 40,
тел./факс /7132/ 54-69-50

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

030010, город Актобе,пр. Абылхаир-хана, 40
тел./факс /7132/ 54-69-50

20__ жылғы «___» _____

№10-08/1372
2021 жылғы «05» сәуір

«РБ-СТРОЙ» ЖШС-не

Сіздің 13.03.2020ж. № 92387 шағымыңызға

Ақтөбе облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментімен №5327161-2 «Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Казанка селосына 30 келушіге арналған медициналық пункттің құрылысы» нысаны бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары» мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жүргізілді.

ҚР ҚМ 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» қағидасының, 155-тармағына сәйкес, *егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.*

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша нөл бүтін оннан бес пайыз (0,5 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер бір жылдың ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде біреуден артық құрылыс объектісінде осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан екі пайыз (0,2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер бұл жұмыстарды әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігер ретінде орындаса, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан бір пайыз (0,1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Жұмыс тәжірибесінің болуы үшін шартты бағаға пайыздық әсерді конкурстық құжаттамаға 5 және 5-1-қосымшаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Конкурстық комиссия мүшелері әлеуетті өнім беруші «РБ-СТРОЙ» ЖШС-нің ұсынылған құжаттарын «Құрылыс-монтаждау жұмыстарын басқа ұйым орындады» деген себебпен қабылдамаған.

Камералдық бақылау жүргізу барысында әлеуетті өнім беруші «РБ-СТРОЙ» ЖШС-нің біліктілігі туралы мәліметте көрсетілген нысандарын 2011, 2012, 2013, 2015, 2016, 2017 жылдары «БоМур» ЖШС-і атқарғандығы анықталды.

Осыған орай, конкурстық комиссиямен әлеуетті өнім беруші «РБ-СТРОЙ» ЖШС-нің құрылыс-монтаждау жұмыстарын басқа ұйым атқарғаны үшін жұмыс тәжірибесін Заңға сәйкес есепке алынбаған деп есептейміз. *(Біліктілігі туралы мәліметте ұйымның қайта тіркелуі туралы анықтама орналастырылмаған)*

Камералдық бақылау, камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 21-тармағына сәйкес жүргізілгенін атап өткен жөн.

Сонымен қатар, ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47-бабы 6-тармағына (бұдан әрі - Заң) сәйкес қабылданған Департаменттің жауабымен келіспеген жағдайда, ҚР «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 14 бабына сәйкес жоғары тұрған органға немесе сотқа шағымдануға құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Бұл ретте, Заңның 47-бабы 9-тармағына сәйкес сотқа дейінгі дау-дамайларды реттеу міндетті болып табылады.

Департамент басшысының орынбасары **М.Мухаметрахимов**

орынд. Сағилатов С.
Тел: 8/7132/54-46-41